

Н.Н. Ниетуллаев*

М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗҒОУ университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: n_nietullayev@kazguu.kz)

Researcher ID: G-9707-2021

Сыбайлас жемқорлықты криминализациялау шектері: қылмыстық табыстарды жылыстату мысалында

Қазіргі таңда қылмыстық заңнамада сыбайлас жемқорлық пен қылмыстық табыстарды жылыстату арасында «мазмұндық не көлемдік кеңею» тенденциясы байқалады. Бір жағынан, сыбайлас жемқорлық тобына жататын криминализацияланған әрекеттердің саны артып келетін болса, екінші жағынан, қылмыстық табыстарды жылыстатудың да көлемі оның предикатты қылмыстарының санының есебінен өсіп келеді. Бұл қылмыстық заңнамадағы құрылымдық өзгерістерге де, сот-тергеу практикасының да түрленуіне септігін тигізетіні анық. Халықаралық конвенциялардағы ұсыныстарды имплементациялау кейде ұлттық заңнама мен құқық қолдану практикасында бұрыннан орныққан құқықтық институттар мен саралау принциптерін өзгертін жатады. Осы тұрғыдан «сыбайлас жемқорлық» пен «қылмыстық табыстарды жылыстату» сияқты қазіргі криминалды цикл салаларындағы басым екі үлкен құбылыстың өзара сіңісуі уақыттың еншісінде болатын. Дегенмен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасында бұл міндеттің іненілуі құқық қолдану практикасында нақты істердің саралануында заңдылық, әділдік, құқықтық регулятордың қоғамдық қатынастарды қамтудағы толықтығы әрі дәлдігі сияқты мән-жайлармен ішкі қайшылықтарға алып келеді. Автордың тұжырымдауына, бұл екі құбылыстың арақатынасының заң жүзінде тиісінше айқындалуы оларға қарсы іс-қимылдың дұрыс ұйымдастырылуына негіз болады.

Кілт сөздер: сыбайлас жемқорлық, қылмыстық табыстарды жылыстату, қылмыстық заң, заң техникасы, ФАТФ, қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралау, қылмыстық жауаптылық.

Кіріспе

Қазіргі таңда заңнамашы бір мезетте күрделі, тіпті, кейде өзара қайшы мақсаттарды көздейтін міндеттерді атқаруына тура келеді. Криминалды құбылыстар мен оқиғалардың түрленуі, қылмысты әрекеттер жасаудың жаңа әдіс-айлаларының пайда болуы, жалпы, «жаңа технологиялардың» адамзат өміріне ену қарқынының бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерілуі заңнамашы мен құқық қолданушының білімі мен біліктілігіне қатысты мәселелердің маңыздылығын көтерін отыр. Қоғамға қауіпті әрекеттердің жаңа түрлерінің пайда болуы ықтималын, заңнамаға белгілі түрлерінің жаңа көріністерін анықтай білу және оларды тиісінше заңнамаға сала білу қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық құралдарының тиімділігін арттырады. Сонымен бірге, қазіргі таңдағы қылмыстық құқықтық тәжірибеде заңнаманың өзгеруіне қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуындағы трендермен қатар құқық қолдану тәжірибесінің де ықпалының байқалатынына куәміз.

Мұндай тенденцияны қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінде айқын байқауға болады. Атап айтқанда, қылмыстық табыстарды жылыстатуға қатысты қылмыстық және іргелес заңнамадағы ережелер (шектеулер), ұстанымдар қылмыстың осы түріне қатысты дәстүрлі тергеп-тексеру және саралау әрекеттерін тиісінше жүргізуде әлдебір «қиыншылықтар» туғызатындықтан, құқық қолданушыларды (тергеу, сот органдары) оны айналып өтетін, біздің ойымызша, «еріксіз» тәжірибені қалыптастыруға әкеп соққан. Мұндағы «еріксіз» тәжірибе деп отырғанымыз қылмыстық табыстарды жылыстатудың предикатты, яғни заңдастырылудың заты болған ақша қаражаттары мен өзге де мүліктің алыну көзін кеңейту тәжірибесі және оның қолданыстағы қылмыстық құқықтық саясаттың концептуалды негіздерімен арақатынасы.

Зерттеу заты болған қылмыстық құқық бұзушылықтың екі түрінде де қазіргі таңда мазмұндық жағынан «кеңею» тенденциясы байқалады. Сыбайлас жемқорлық әуел бастан-ақ қазақстандық заңнамада жинақы ұғым (құқықтық категория) ретінде қалыптасып, бірнеше дербес криминализацияланған әрекеттерді қамтитын [1]. Бастапқыда сыбайлас жемқорлық қылмыстар қатарында он үш құрам

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: n_nietullayev@kazguu.kz

ғана (кейбір құрамдары сараланған түрлерінде) болып, қазіргі редакциясында он тоғыз құрамға дейін жеткен.

Ал ҚР Қылмыстық кодексінің 218-бабында көзделген «қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату)» предикатты әрекеттерінің криминализациялану шектерінің өзгермелілігіне байланысты «көлемін» кеңейтін келеді. Жалпы, мұнда қазақстандық заңнамашының халықаралық құжаттардағы ережелерді ұлттық заңнамаға имплементациялауға қатысты өзіндік қисыны барын да ескеру керек. Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының 1988 жылғы «Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы» Конвенциясында іргелі (предикаттылығы) есірткі бизнесінен түсетін табыстар болатыны нақты көрсетілгеніне қарамастан (яғни қылмыс санатындағы әрекеттерден түсетін табыс болуы керек деген сөз), Қазақстанның қылмыстық заңнамасы жылыстатылатын ақша қаражаты мен өзге де мүліктің шығу тегіне қатысты құқықтық шеңбері нақты айқындауға келмейтін «заңсыз жолмен алынған» деп 2013 жылға дейін келген болатын [2].

Дегенмен, қоғамға қауіпті әрекеттердің криминализациялану шектерінің анықталуындағы мәселелерді тек ұлттық заңнамашының «қателіктерімен» ғана түсіндіруге болмайды. Қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы іс-қимылдың бастамасында американдықтардың наркобизнеске қарсы күрес стратегиясын түбегейлі өзгертуге талпынысы болғанын. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресті жандандыра түсу үшін американдық криминалистер қылмыстық топтардың табыстарын іздестірін, оларды анықтау әдістемесін басшылыққа алады. Сәйкесінше, осы талпыныстың бастапқы көрінісі 1970 жылғы АҚШ-тың банк құпиясына қатысты (USA Bank Secrecy Act) [3] формализацияланған болатын. Осы кезеңнен бастап есірткі бизнесімен байланысы болған деген күдіктегі азаматтардың (американдық заңнама тек өзінің азаматтарын ғана емес, жалпы, протекторатын бүкіл әлемге жаюға тырысатыны белгілі) қаржылық табыстарының заңды көздерден алынғанын куәландыру процедуралары құрастырыла бастайды.

1988 жылғы БҰҰ есірткіге қарсы Конвенциясы, одан кейін де қабылданған бірсыпыра халықаралық құжаттар жылыстатылатын қаражаттарының шығу тегін белгілі бір қылмыстардың түрлерімен ғана байланыстыратын, атап айтқанда, есірткі бизнесі, қару-жарақтың заңсыз айналымы, адам саудасы және т.с.с. Уақыттың өтуімен оған сыбайлас жемқорлық қылмыстары да қосылған болатын.

Мұндай жағдай (яғни әрекеттің криминализациялануының шектерінің халықаралық құжаттарда бір мағынада, ұлттық деңгейде өзге мағынада анықталуы) тек біздің елге ғана тән емес. Ғылыми ортада оның себептерінің қатарында жаңа пайда болған немесе бұрыннан белгілі, бірақ ұзақ уақыт бойында заңнамашы назарына түспей келген қоғамға қауіпті әрекеттердің қылмыстануына қатысты ғылыми зерттеулердің жеткіліксіздігі де аталып келеді [4; 21].

Әдістер мен материалдар

Зерттеу барысында құқықтық құбылыстар мен процестерді талдау, жалпылау, сандық мәліметтерді өңдеудің статистикалық әдістері, сондай-ақ салыстырмалы құқықтық талдау әдістері қолданылған. Олардың әрбірі ғылыми зерттеудің сәйкес нәтижелеріне қол жеткізуге септігін тигізген. Сол сияқты, мақаладағы тұжырымдарға қол жеткізуде қылмыстық табыстарды жылыстату бойынша Қазақстан Республикасы соттарының 2015–2020 жылдар аралығындағы үкімдері эмпирикалық материалдар ретінде пайдаланылған.

Нәтижелер

Қылмыстық табыстарды жылыстатудың жай-күйі

Қазақстан Республикасында экономикалық қызмет саласындағы қылмыстылықтың деңгейі, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған ақша қаражаттары мен өзге де мүлікті жылыстату (заңдастыру) қылмысының үлесі мардымсыз (2015 жылы жалпы қылмыстылықтағы оның үлесі 2,1 % болса, 2019 жылы — 0,43 %) [5] болғанына қарамастан, олардың экономикалық (нарықтық) қатынастарға келтіретін қатерінің жоғары екендігі тұжырымдалады [6]. Дегенмен, еліміздегі көлеңкелі экономика үлесінің жоғары екендігін, сондай-ақ мемлекеттің азаматтардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған ұстанымын [7] ескере келе, бұл көрсеткіштердің латенттігінің жоғары екендігін айтуымызға болады.

Қылмыстық табыстарды жылыстату факттерінің анықталу деңгейі төмен болғанына қарамастан, бұл қылмыс әлеуеті жағынан (материалдық шығындары бойынша) қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделеріне келтіре алатын материалдық қатері жоғары болатынын да ескеру керек. Атап айтқанда,

ақшаны жылыстатуға қарсы күрес бойынша қаржылық шараларды әзірлейтін топтың (FATF), Халықаралық валюта қорының (IMF) мәлімдемелері бойынша жыл сайын жылыстатылатын қаражаттардың сомасы әлемдік жалпы ішкі өнімнің 2–3 %-ын құрайды.

Ресми мемлекеттік органдардың мәлімдеуінше, Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың үлес салмағы жалпы ішкі өнімнің бестен бірін құрайды [8], яғни әрбір жүз теңге шығарылған өнімнің, атқарылған қызмет пен жұмыстардың 20 теңгесі есептен (салық) тыс туындаған. Егер еліміздің жалпы ішкі өнімінің мөлшері (ЖІӨ) 170–190 млрд АҚШ доллары көлемінде болса, демек, көлеңкелі экономиканың салмағы 40–50 млрд АҚШ доллары шамасында болмақ. Дегенмен, ресми статистикалық ақпараттарды әрдайым сынмен қабылдау керектігін ескере келе, біз оның мөлшерінің шамамен 7–10 %-ға артықтығын тұжырымдай аламыз, өйткені Дүниежүзілік сауда ұйымының, жалпы, БҰҰ мәлімдеуінше (арнайы эмпирикалық ізденістерінің нәтижесінде шығарылған мәліметтер) экономикалық қатынастарын «ашық» рельстерге қоя білген АҚШ, Ұлыбритания сияқты елдердің өзінде көлеңкелілік 20 %-ға жуық, ең жақсы көрсеткіштер Германияда, Францияда (15 %), Швейцарияда (7 %). Сонымен бірге, Қазақстан Үкіметінің мәліметтері бойынша соңғы бес жыл ішінде елімізден сыртқа 20 млрд долларға жуық қаражат қайтымсыз шығарылған (әр алуан экономикалық операциялар есебінен). Ал Халықаралық валюта қорының мәліметтері бойынша Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың үлесі ресми көрсеткіштерден екі есе дерлік артық [9].

2020 жылы орын алған пандемиялық жағдайдағы экономикалық қатынастардың легі де еліміздегі көлеңкелі экономиканың масштабтарының орасан зор екендігін байқатты. Карантин кезеңінде табыс көзінен айырылған азаматтарға көрсетілген көмектің (42 500 теңге) бір бөлігі осыған дейін мемлекет қазынасына бір де бір рет салық не басқа да төлем төлемеген 750 мыңға жуық адамның болғанын айқындады.

Әдебиеттерге шолу

Сыбайлас жемқорлыққа және қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы күрес, алдын алу мәселелері бойынша ғылыми ізденістерге шолу көрсеткеніндей, отандық тәжірибемізде қылмыстылықтың қай түріне қатысты болмасын, зерттеу не ізденістердің басым бөлігінде қолданыстағы заңнаманың жай-күйін және құқық қолдану практикасын сипаттау арынында екенін байқаймыз [10]. Заңнама күйіне, ондағы өзгерістер мен толықтырулардың астарына, құқық қолдану практикасындағы қатерлерге сыни талдау бағытында жүргізілетін ізденістер жоқтың қасы дерлік. Сыбайлас жемқорлық, оның алдын алу, сол сияқты қылмыстық табыстарды жылыстату мәселелеріне қатысты отандық ізденістерде авторлар, негізінен, қолданыстағы заңнаманың әлдебір ережелеріне түсіндірме беру не болмаса зерттеу тақырыбына қатысты халықаралық немесе шетелдік заңнамаға шолу жасау бағытын ұстанатыны байқалады [11].

Дегенмен, отандық ғылыми ізденістерде, әсіресе, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы концептуалды негіздің анықталуының және оны заңнамада да, құқық қолдану практикасында да бұлжытпай ұстанудың маңыздылығын тұжырымдайтын еңбектер де жоқ емес [12].

Қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы іс-қимылдың құрылуы көлеңкелі экономика мәселесімен байланысты болғандықтан, мұнда салааралық ізденістердің маңызы зор. Көлеңкелі экономикаға қатысты мән-жайлар алғаш айқындалған бетте құқықтық, оның ішінде қылмыстық құқықтық немесе криминологиялық тұрғыдан зерттеле бастағаны белгілі. Атап айтқанда, XX-ғасырдың 30-жылдарынан бастап мәселенің құқықтық аспектері, басқаша айтқанда, бутлеферствомен, заңсыз кәсіпкерлікпен айналысудың құқықтық жауаптылық мәселелері зерттеле бастаған болса, өткен ғасырдың жетпісінші жылдары осы салада жинақталған қомақты қаржының леғалды экономикаға көптеп келе бастауынан қатер көрген экономист ғалымдар да оны зерттеуге ала бастаған.

Бұл тұрғыдан көлеңкелі экономиканың әр алуан құқықтық қырларын, оның ішінде жауаптылық мәселелерін тереңінен қарастырған американдық және ағылшын ғалымдары болғанын атап өту керек. Сәйкесінше, қазіргі таңдағы осы саладағы ғылыми ізденістердің басым көпшілігінің ұйытқысы да аталған елдердің ғалымдары — М. Леви, Р. Ройтер, Беккер, Гутман және т.с.с.

Қазақстан қылмыстық табыстарды жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы FATF 40 жалпы [13] және 9 арнайы ұсыныстарын [14] қолданыстағы заңнамасына толық имплементациялаған елдердің қатарында. Бұл қылмысқа қарсы күрес заңнамалық деңгейде формальды анықталғанымен, ғылыми тұрғыда дәстүрлі күйде зерттелуде. Атап айтқанда, ғылыми зерттеулер қылмыс құрамының белгілерін анықтау, оның себептері мен шарттарын анықтау бағытында жүргізілген немесе олардың теориялық және практикалық маңызы уақыттың өтуімен көнерген.

Дегенмен, шетелдік ғылыми ізденістердің бағыты мен мазмұны [15], [16], [17] жылыстатудың Қазақстандағы деңгейі мен салаларын анықтауға көмектеседі, сондай-ақ жылыстату арналарын анықтауға [18], оның алдын алудың заманауи технологияларының негізінде құқық қолдану тәжірибесіне енгізуге [19] мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Қазақстанда электр энергиясы құнының төмендігі оның аумағында криптовалютаға байланысты саланың да дамуына аса қолайлы жағдай туғызатынын ескеретін болсақ [20], алдағы уақытта жылыстатудың бұл саламен де байланыстылығын анықтау маңыздылығы туатыны анық [21].

Талқылау

FATF (Қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы қаржылық іс-қимыл ұйымы) мәлімдеуінше, жыл сайын әлемнің банк жүйесінде орта есеппен 1 трлн долларға жуық қылмыстық жолмен алынған қаражат жылыстатылады. Олар, өз кезегінде, криминалды қызметтің әр алуан салаларын қайта қаржыландыруға (оның ішінде, қару-жарақтың, есірткінің заңсыз айналымы, адам саудасы, тауарлардың контрабандасы, терроризмді қаржыландыру және т.с.с.) аударылып отырады, яғни қылмыстық (заңсыз) табыстардың бір бөлігі жылыстатылып, легалды экономикаға салынатын болса, бір бөлігі елдердің ұлттық экономикасының көлеңкелі кластерін қамтамасыз етін отырады.

Қазақстан Республикасы 2001–2011 жылдар аралығында көлеңкелі экономикада айналыста болған қаражаттарды легализациялау бойынша әлемнің өркениетті елдерінде мойындала қоймайтын әдістерге барғанын. Бұл легализациялау (амнистия) акцияларының жалпы саны үшеу болған (бірінде ақша қаражаттары, басқасында мүлік легализациялауға жатты). Дегенмен, бұл «акциялардың» сәттілігі айтарлықтай болған жоқ деуге болады, өйткені Қазақстан жағдайындағы қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастарда әлі де болса сенімділік жеткілікті деңгейде еместігін мойындау керек. Сонымен бірге, бұл іс-шаралардың салдарынан Қазақстан Республикасы бірнеше жылдар бойында FATF-тың жылыстату қатері жоғары елдерінің тізімінде болғанын да ескеру керек [22; 130].

Бұл тұрғыда халықтың басым бөлігінің экономикалық сауаттылығының төмендігі және іс-қимылдарының құқықтық салдарын жеткілікті деңгейде бағаламауы да өз септігін тигізгенін тұжырымдаймыз. Ұзақ уақыт бойында «орталықтан» басқарылған және қатаң бақылауда болған «белсенділік» тәуелсіздікпен келген нарықтық қатынастардың бүге-шегесіне жетпей, бір шеттен екінші шетке бой берін (из крайности в крайность), саудадағы және жалпы, мемлекетпен де қарым-қатынастағы адалдықты көлденеңінен бұзған.

Тандалған мәселеге қатысты атап өтетін тағы бір жағдай — криминологт пайымдауынша (әсіресе, неміс ғалымдарының), нарықтық қатынастар ойдағыдай орныққан елдердегі қылмыстылық құрылымында экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар 15–20 %-ға дейінгі үлесті алуға тиіс [23]. Алайда, қазақстандық жағдайда криминалды белсенділік материалдық құндылықтар «бұрынғысынша» иелену бағытында орын алып келеді (экономикалық қылмыстылық жалпы қылмыстылық массивінде 1 %-ға жуық қана орын алатын болса, жымқыруға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар 65–70 %-ға дейін). Сонымен бірге, құқық қорғау қызметтерінің де ойдағыдай ұйымдастырылмауы экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың латенттігінің жоғарылығын шарттап отыратын факторлардың бірі деуге болады.

Бұл тұрғыда, қолданыстағы императивті жауаптылық шектерін анықтайтын заңнаманың (әкімшілік, қылмыстық) кейде «саяси» ықпалда болатындығын да атап өткен жөн. Мысалы, 2018 жылдың шілдесінде қолданыстағы қылмыстық заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың басым бөлігінен құқық қорғау органдары («қаржы полициясының») қызметінің осал тұстарын байқаймыз (күдіктілердің контрагенттерін жалған кәсіпкерлік қатері уәжімен «жаппай» тексеріске алу салдарынан экономикалық субъекттердің шектен тыс қысымға алынуы ҚР ҚК-інен «Атамекен» ҰКП мен ҚР Бас Прокуратурасы бастамасының негізінде «жалған кәсіпкерлік» құрамының декриминализациялануы себепші болған, ал бұл «құрам» FATF сұлбасында негізгі орын алатын элементтердің бірі тұғын). Басқаша айтқанда, қазіргі таңда қылмыстық табыстарын жылыстатушылардың көздеген мақсаттарына жету мүмкіндіктері әлдеқайда «жеңілдетілген».

Онымен қоса, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты қылмыстық құқықтық шаралардың қаталдығын жеткіліксіз деп тануға болады. ҚР ҚК 8-тарауында көзделген құрамдардың басым бөлігі ауырлығы орташа не онша ауыр емес санаттағы қылмыстар ретінде анықталған, кейбірі, тіпті, қылмыстық теріс қылық. Онымен қоса, жаза тағайындауға қатысты ұстанымда бұл топтағы қылмыстар бойынша бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау іс жү-

зінде мүмкін де емес (тек үш құрам бойынша ғана орын алу ықтияры жоғары — жылыстату, рейдерлік, заңсыз сыйақы алу) [24].

Демек, көлеңкелі экономиканы құрайтын құқық бұзушылықтарға көзделген жазалау шараларының «елеусіздігін» де маңызды ұйытқушы факторлардың қатарында қарастырған жөн. Мемлекет жаза институтын «монетизациялауды» жақсы қолға ала отыра, оның кері әсерін де көру де — қылмысты мен қылмысты емес арасынан таңдағанда алдыңғысынан алатын табысы молырақ болғандықтан, қылмыстық заң өзінің «шоқпарлық» функциясын ойдағыдай атқара алмай келеді.

Көлеңкелі экономиканың ауқымдылығын айқындайтын мәселелердің қатарында сыбайлас жемқорлық ерекше орын алады, өйткені криминалды табыстарды қомақты түрде генерациялайтын субъекттердің қызметтері (кәсіпорындар, цехтар, басқа да құрылымдар) өз қызметтерін табысты жүргізу үшін, әрине, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының қызметкерлерімен байланыста болуына тура келеді. Кәсіпкерлерге «қамқорлық жасау» не болмаса, керісінше, олардың шектен тыс бақылауынан жалтаруға талпындыратын күштер, өз кезегінде, заңсыз табыстардың жылыстатылуына да сұранысты тудырады. Яғни, көлеңкелі экономика мен қылмыстық табыстарды жылыстату арасында «өндірістік циклдік» байланыстылықтың болатындығы тұжырымдалады.

Сыбайлас жемқорлық пен қылмыстық табыстарды жылыстатудың тоғысуы

Жоғарыда атап өткеніміздей, сыбайлас жемқорлық және қылмыстық табыстарды жылыстату іс жүзінде бір-біріне өте жақын криминалды құбылыстар болғандықтан, халықаралық та, ұлттық та заңнамашының мұндай «одақтың» криминализациялануына қатысты оң шешім қабылдауы (яғни қылмыстық заң аясына салуы) уақыттың еншісінде еді. Сыбайлас жемқорлық пен жылыстатуды ресми түрде алғаш «біріктірген» құжат Еуропа кеңесінің 1999 жылғы сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық туралы Конвенциясы болатын [25]. Мұнда сыбайлас жемқорлықтан түсетін табыстардың конверсиялануы немесе басқа да жолмен легальды экономикалық қатынастарға енгізілуі бойынша әрекеттердің Еуропа кеңесінің мүшелерінің ұлттық заңнамаларында криминализациялану қажеттігі аталған.

Сонымен бірге, бүкіл әлемдік деңгейде бұл екі құқық бұзушылықтың бір-бірімен байланыстылығын бекіткен ауқымды құжат Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы болды [26]. Мұнда да олардың бір-бірімен предикатты қатынастарының болатыны мойындалған еді (яғни сыбайлас жемқорлықтан түскен табыстардың заңды айналымға енгізілуінің криминализациялану қажеттігі).

Ұлттық деңгейде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында сыбайлас жемқорлық белгісінің жылыстату құрамымен байланыстырылуы 2007 жылдың 21 шілдесінде орын алды (қылмыстық заңда «сыбайлас жемқорлық қылмыстар» топтамасының пайда болуымен). Осы тұста отандық заңнамашының қолданатын заң техникасындағы әдісінің ерекшелігіне тоқталу қажет.

Қолданыстағы заңнамада сыбайлас жемқорлықтың тек «жария сектормен» байланыстырылған ұғым екенін аңғаруға болады [27]. Дегенмен БҰҰ сыбайлас жемқорлық жария және жеке секторда болатындығын, әрі оларға қарсы іс-қимылдың қатар әрі тең дәрежеде жүргізілуін ұсынған. Бұл ұсыныстың қазақстандық қылмыстық заңда іске асырылуын «формальды» ғана деп тануға болады (криминализация және пенализация жіктері бойынша айтарлықтай сәйкестік болғанымен, іс жүзінде соттергеу тәжірибесінде жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатысты іс-шаралардың табыстылығы да, ауқымдылығы мен бөлінетін ресурстардың көлемі де салыстыруға келмейді).

ҚР ҚК-інде сыбайлас жемқорлық қылмыс ретінде тұтас айқындалған құрамдармен қатар (ҚР ҚК 361, 364–370, 450, 452-баптары) сараланған құрамдарында сыбайлас жемқор субъектісін көрсету арқылы ғана криминализацияланған сыбайлас жемқорлық қылмыстары ажыратылады, әрі олардың да саны аз емес. Атап айтқанда, ҚР ҚК 189, 190, 218, 234, 249-баптары. «Таза» күйінде бұл баптарда мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қатысты қол сұғушылықтың болмайтынын қылмыстық құқықтағы негізгі тікелей және қосымша тікелей объектілердің ажыратылатыны арқылы пайымдаймыз. Осы әрекеттерді арнайы субъектінің (жалпылама айтқанда мемлекеттік қызметтегі адамның) жасайтындығы құрамның объектісіне қатысты конструкциясын өзгертін отырады.

Дегенмен, ойлауымызша, заңнамашының әрекетті криминализациялауда бұл әдісті қолдануы БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа және жылыстатуға қарсы құжаттарында тұжырымдалған ұсыныстарының ішкі мазмұнына («дух закона») қайшы келеді. Халықаралық заңнамашының негізгі ұстанымы тұтас жылыстатуды сыбайлас жемқорлық ретінде тану болатын, ал қазақстандық заңнамада оның бір бөлігінің ғана бұл ұстанымға сәйкес келетінін ғана тұжырымдауға болады.

Қорытынды

Көрін отырғанымыздай, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қатарына қылмыстық табыстарды жылыстатудың тұтастай енгізілуіне қатысты халықаралық ұстаным ұлттық деңгейде ойдағыдай жүзеге асырылуы қиынға соғады. Ұлттық заңнамашының сыбайлас жемқорлықты тек мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару саласымен ұштастырғаны (формальды түрде бұл құбылыс осы салада ғана сыбайлас жемқорлық деп танылады, ал жеке меншік саласындағы оның жалпылама атауы заңды бекітілмеген) оған қарсы іс-қимылдың біржақтығына себепші болады.

Сонымен қатар, қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы іс-қимыл мәселелерін зерттеу оның көлеңкелі экономикамен байланыстылығын анықтаусыз жүргізу мүмкін емес. Дәстүрлі түрде, қазақстандық ғылыми ортада көлеңкелі экономика мәселелерін таза экономика саласының мамандары зерттеумен айналысады, ал криминологтар бұл саладағы мәселелерді үстіртін, пайдакүнемдік мақсаттағы қылмыстылықтың бір себептері мен шарттарының қатарында қарастырады. Дегенмен, бұл екі құбылыс арасындағы байланыстылықтың бар екендігі айқын [22; 137], әрі ол тереңінен зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасы банк секторындағы қатынастарды реттейтін регуляторлардың формальды анықталуы бойына әлемнің үздік елдерінің қатарында болғанымен, практика көрсетін отырғанындай, банк секторындағы заңнамасы қатаңдығымен ерекшеленетін АҚШ, Ұлыбритания, Голландия, Гонконг және осы сияқты басқа да ОЭСР мүшелерінің аумағында қылмыстық табыстарды жылыстату процестері жалғасын тауып келеді. Сондықтан мұнда FATF мүше елдердің 40+9, RegTech [28] бойынша салыстырмалы құқықтық зерттеу жүргізу де қажет болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қылмыстық заңнамада «сыбайлас жемқорлық қылмыстар» топтамасы 2007 жылғы 21 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде анықталған. — [Электронды ресурс]. — Қолжетімділігі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000308_#z3.
- 2 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды одан әрі қылмыстық сипаттан арылту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 13 маусымдағы Заңы. — [Электронды ресурс] — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000104#z20>.
- 3 Bank Secrecy Act [Electronic resource]. — Access mode: <https://www.irs.gov/businesses/small-businesses-self-employed/bank-secrecy-act>.
- 4 Aldridge Peter. What went wrong with money laundering law? Palgrave Pivot London. XXI, 81. <https://doi.org/10.1057/978-1-137-52536-9>.
- 5 Статистикалық мәліметтер ҚР Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми сайтынан алынған [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators>.
- 6 Levi M. Efforts to Combat Money Laundering: The United Kingdom and the European Community / M. Levi // Commonwealth Law Bulletin — 1992. — 18(4). — P. 1458–1461. <https://doi.org/10.1080/03050718.1992.9986242>.
- 7 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_#z0.
- 8 Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтері бойынша [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: www.stat.gov.kz.
- 9 «Shadow Economies Around the World: What Did We learn Over the Last 20 Years?». — 2018.
- 10 Смагулов А.А. Казахстанский опыт борьбы с коррупцией / А.А. Смагулов // Журн. рос. права. — № 7. — 2012. — С. 26–29.
- 11 Мухаметов А.Ф. Борьба с коррупцией: восприятие, рейтинг, опыт. Успех или поражение? / А.Ф. Мухаметов // Право и государство. — № 3 (84). — 2019. — С. 4–17.
- 12 Нуртаев Р.Т. Об активизации борьбы с коррупцией в Казахстане / Р.Т. Нуртаев // Проблемы права и экономики. — Вып. 10. — № 2. — 2018. — С. 76–84.
- 13 Рекомендации FATF. Международные стандарты по противодействию отмыванию денег, финансированию терроризма и финансированию распространения оружия массового уничтожения (с изм. от октября 2018 г. / пер. с англ. — М.: МУМЦФМ, 2012. — 191 с.
- 14 Специальные рекомендации по предотвращению финансирования терроризма от 22 октября 2004 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: www.eurasiangroup.org.

- 15 Schneider S. Organized crime, money laundering, and the real estate market in Canada / S. Schneider // Journal of Property Research. — 2004. — Vol. 21. — No. 2. — P. 99–118. <https://doi.org/10.1080/0959991042000328801>.
- 16 Naheem M.A. Money laundering and illicit flows from China — the real estate problem / M.A. Naheem // Journal of Money Laundering Control. — 2017. — Vol. 20. — No. 1. — P. 15–26. <https://doi.org/10.1108/JMLC-08-2015-0030>.
- 17 Carruthers B.G. Sovereignty, Law, and Money: New Developments / B.G. Carruthers, M. Arslan // Annual Review of Law and Social Science. — 2019. — 15. — P. 521–538. <https://doi.org/10.1146/annurev-lawsocsci-101518-042625>.
- 18 Soudijn M.R.J. Using strangers for money: A discussion on money-launderers in organized crime / M.R.J. Soudijn // Trends in Organized Crime. — 2014. Vol. 17. — No. 3. — P. 199–217. <https://doi.org/10.1007/s12117-014-9217-9>.
- 19 Canhoto A.I. Leveraging machine learning in the global fight against money laundering and terrorism financing: An affordances perspective / A.I. Canhoto // Journal of Business Research. — 2020. <https://doi.org/10.1016/j.jbusres.2020.10.012>.
- 20 Казахстан вошел в ТОП-5 стран по уровню развития криптовалютного майнинга [Электронный ресурс]. — 2020. Режим доступа: https://forbes.kz/process/technologies/kazakhstan_voshel_v_top5_stran_po_urovnyu_razvitiya_kriptovalyutnogo_mayninga/.
- 21 Campbell-verduyn M. Laundering Governance / M. Campbell-verduyn // Crime Law Soc Change. — 2018. — 69. — P. 283–305.
- 22 Paul J. Almond. Money laundering and the shadow economy in Kazakhstan / J. Paul Almond, N. Niyetullayev // JMLC. — 2014. — Vol. 17. — No. 2. — P. 128–140. <https://doi.org/http://dx.doi.org/10.1108/JMLC-05-2013-0015>.
- 23 Corruption and Economic Crime [Electronic resource]. — Access mode: <https://dataunodc.un.org/dp-crime-corruption-offences>.
- 24 Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 55-бабының 1-бөлімінің 2)-тармақшасының тұжырымы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z218>.
- 25 Конвенция Совета Европы об уголовной ответственности за коррупцию [Электронный ресурс]. — Страсбург, 27 января 1999 г. — Режим доступа: <https://www.coe.int/ru/web/conventions/full-list?module=treaty-detail&treaty-num=173>.
- 26 Конвенция ООН против коррупции от 31 октября 2003 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/corruption.shtml.
- 27 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>.
- 28 Turki M. The regulatory technology «RegTech» and money laundering prevention in Islamic and conventional banking industry / M. Turki, A. Hamdan, R.T. Cummings, A. Sarea, M. Karolak, M. Anasweh // Heliyon. — 2020. — Vol. 6. — No. 10. e04949. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2020.e04949>.

Н.Н. Ниетуллаев

Пределы криминализации коррупции: на примере отмывания преступных доходов

В настоящее время в уголовном законодательстве наблюдается тенденция на «расширение содержания и объема» коррупции и отмывания преступных доходов. Увеличивается количество криминализованных деяний, относящихся к группе коррупционных преступлений, с одной стороны, а с другой — разрастается объем отмывания преступных доходов за счет увеличения количества его предикатных преступлений. Это естественным образом влияет на структурные изменения уголовного закона, а также реформы в судебно-следственной практике. Имплементация в национальное законодательство и правоприменительную практику рекомендаций международных конвенции существенно меняет утвердившиеся в нем правовые институты и принципы деятельности. С этих позиций некое слияние таких наиболее объемных в отраслях криминального цикла явлений, как «коррупция» и «отмывание преступных доходов» было делом времени. Однако реализация данной задачи в действующем уголовном законодательстве Республики Казахстан в правоприменительной практике приводит, на взгляд автора, в вопросах квалификации уголовных правонарушений к возникновению внутренних разногласий с принципами законности, справедливости, полноты охвата общественных отношений правовым регулятором. По мнению автора, верное определение рамок соотношений двух этих явлений на законодательном уровне станет основой для правильной организации мер противодействия им.

Ключевые слова: коррупция, отмывание преступных доходов, уголовный закон, законодательная техника, ФАТФ, квалификация уголовных правонарушений, уголовная ответственность.

N.N. Niyetullayev

Limits of criminalization of corruption: on the example of money laundering

Currently, there is a tendency in the criminal legislation to “expand the content and scope” of corruption and money laundering. On the one hand, the number of criminalized acts belonging to the group of corruption crimes is increasing, on another hand, the volume of laundering of criminal doses is also growing due to the increase in the number of its predicate crimes. This naturally affects the structural changes in the criminal law, as well as changes in judicial and investigative practice. The implementation of the recommendations of international conventions into national legislation and law enforcement practice significantly changes the legal institutions and principles of activity established in it. From this position, some kind of merging of such the most voluminous phenomena in the criminal cycle as “corruption” and “money laundering” was a matter of time. However, the implementation of this task in the current criminal legislation of the Republic of Kazakhstan in law enforcement practice leads, in the author's opinion, in the issues of qualification of criminal offenses to the emergence of internal disagreements with the principles of legality, justice, completeness of coverage of public relations by the legal regulator. According to the author, the correct definition of the framework for the correlation of these two phenomena at the legislative level will become the basis for the correct organization of measures to counter them.

Keywords: corruption, money laundering, criminal law, legislative technique, FATF, qualification of criminal offenses, criminal liability.

References

- 1 Qylmystyq zannamada “sybailas zhemqorlyq qylmystar” toptamasy 2007 zhylygy 21 shildedegi “Qazaqstan Respublikasynyn keibir zannamalyq aktilerine sybailas zhemqorlyqqa qarsy kuresti zhetildiru maseleleri boynsha ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly” Qazaqstan Respublikasynyn Zany negizinde anyqtalghan [A separate group as “corruption crimes” was introduced into the criminal law by the law of July 21, 2007]. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000308_#z3 [in Kazakh].
- 2 Qazaqstan Respublikasynyn keibir zannamalyq aktilerine ekonomikalıq qyzmet salasyndagy qylmystardy odan ari qylmystyq sipattan aryltu maseleleri boynsha ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2013 zhylygy 13 mausymdagy Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated June 13, 2013 On amendments and additions to certain legislative acts of the Republic of Kazakhstan on issues of further decriminalization of crimes in the field of economic activity]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000104#z20> [in Kazakh].
- 3 Bank Secrecy Act. Retrieved from <https://www.irs.gov/businesses/small-businesses-self-employed/bank-secrecy-act>
- 4 Aldridge Peter. What went wrong with money laundering law? Palgrave Pivot London. XXI, 81. <https://doi.org/10.1057/978-1-137-52536-9>
- 5 Statistikalıq malimetter QR Bas Prokuraturasynyn Quqyqtyq statistika zhane arnayı esepke alu zhonindegı komitetinin resmi saitynan alyngan [Statistical information was taken from the official website of the Committee on Legal Statistics and Special Accounts under the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators>.
- 6 Levi, M. (1992). Efforts to Combat Money Laundering: The United Kingdom and the European Community. *Commonwealth Law Bulletin*, 18(4), 1458–1461. <https://doi.org/10.1080/03050718.1992.9986242>.
- 7 Qazaqstan Respublikasynyn 2010 zhyldan 2020 zhylyga deingi kezenge amalghan quqyqtyq saiasat tuzhyrymdamasy turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2009 zhylygy 24 tamyzdagy Zharlygy [The Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated 24 August 2009 No. 858 On Conception of legal policy of the Republic of Kazakhstan for the period from 2010 to 2020]. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U0900000858_#z0 [in Kazakh].
- 8 Ulıtyq statistika biurosynyn resmi malimetteri boynsha [According to the national bureau of statistics]. Retrieved from www.stat.gov.kz [in Kazakh].
- 9 “Shadow Economies Around the World: What Did We learn Over the Last 20 Years?” (2018).
- 10 Smagulov, A.A. (2012). Kazakhstanskii opyt borby s korruptsiei [Kazakhstan experience in fighting corruption]. *Zhurnal Rossiiskogo prava — Journal of Russian Law*, 7, 26–29 [in Russian].
- 11 Mukhametov, A.F. (2019). Borba s korruptsiei: vospriatie, reiting, opyt. Uspekh ili porazhenie? [Fight against corruption: perception, rating, experience. Success or failure?]. *Pravo i gosudarstvo — Law and State*, 3 (84), 4–17 [in Russian].
- 12 Nurtaev, R.T. (2018). Ob aktivizatsii borby s korruptsiei v Kazakhstane [On intensifying the fight against corruption in Kazakhstan]. *Problemy prava i ekonomiki — Problems of Law and Economics*, 10, 2, 76–84 [in Russian].
- 13 (2012). Rekomendatsii FATF. Mezhdunarodnye standarty po protivodeistviuu otmyvaniuu deneg, finansirovaniuu terrorizma i finansirovaniuu rasprostraneniia oruzhiia massovogo unichtozheniia (s izmeneniami ot oktiabria 2018 goda) [International Standards on Combating Money Laundering, the Financing of Terrorism and the Financing of Proliferation of Weapons of Mass Destruction (as amended October 2018)]. Moscow: MUMTsFM [in Russian].
- 14 Spetsialnye rekomendatsii po predotvrashcheniiu finansirovaniia terrorizma ot 22 oktiabria 2004 goda [Special Recommendations on the Prevention of Terrorist Financing, dated 22 October 2004]. Retrieved from www.eurasiangroup.org [in Russian].

- 15 Schneider, S. (2004). Organized crime, money laundering, and the real estate market in Canada. *Journal of Property Research*, 21(2), 99–118. <https://doi.org/10.1080/0959991042000328801>.
- 16 Naheem, M.A. (2017). Money laundering and illicit flows from China — the real estate problem. *Journal of Money Laundering Control*, 20(1), 15–26. <https://doi.org/10.1108/JMLC-08-2015-0030>.
- 17 Carruthers, B.G., & Arslan, M. (2019). Sovereignty, Law, and Money: New Developments. *Annual Review of Law and Social Science*, 15, 521–538. <https://doi.org/10.1146/annurev-lawsocsci-101518-042625>.
- 18 Soudijn, M.R.J. (2014). Using strangers for money: A discussion on money-launderers in organized crime. *Trends in Organized Crime*, 17(3), 199–217. <https://doi.org/10.1007/s12117-014-9217-9>.
- 19 Canhoto, A.I. (2020). Leveraging machine learning in the global fight against money laundering and terrorism financing: An affordances perspective. *Journal of Business Research*. <https://doi.org/10.1016/j.jbusres.2020.10.012>.
- 20 Kazakhstan voshel v TOP–5 stran po urovniu razvitiia kriptovalyutnogo mainga [Kazakhstan entered the TOP-5 countries in terms of development of cryptocurrency mining]. (2020). Retrieved from https://forbes.kz/process/technologies/kazakhstan_voshel_v_top5_stran_po_urovnyu_razvitiya_kriptovalyutnogo_mayinga/ [in Russian].
- 21 Campbell-verduyn, M. (2018). Laundering Governance. *Crime Law Soc Change*, 69, 283–305.
- 22 Paul J. Almond, & Niyetullayev N. (2014). Money laundering and the shadow economy in Kazakhstan. *JMLC*, 17(2), 128–140. <https://doi.org/http://dx.doi.org/10.1108/JMLC-05-2013-0015>.
- 23 Corruption and Economic Crime. Retrieved from <https://dataunodc.un.org/dp-crime-corruption-offences>.
- 24 Qazaqstan Respublikasy Qylmystyq kodeksinin 55-babynyn 1-boliminin 2)-tarmaqshasynyn tuzhyrymy [Penal Code of the Republic of Kazakhstan dated 3 July 2014]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z218>.
- 25 Konventsiiia Soveta Evropy ob ugolovnoi otvetstvennosti za korruptsiuu [Council of Europe Criminal Law Convention on Corruption]. Strassburg, 27 ianvaria 1999 goda. Retrieved from <https://www.coe.int/ru/web/conventions/full-list?module=treaty-detail&treaty-num=173> [in Russian].
- 26 Konventsiiia OON protiv korruptsii ot 31 oktiabria 2003 goda [United Nations Convention against Corruption of October 31, 2003]. Retrieved from https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/corruption.shtml [in Russian].
- 27 Sybailas zhemqorlyqqa qarsy is-qimyl turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhylgy 18 qarashadagy Zany [The Law of the Republic of Kazakhstan “On Combating Corruption” dated 18 November 2015]. Retrieved from
- 28 Turki, M., Hamdan, A., Cummings, R.T., Sarea, A., Karolak, M., & Anasweh, M. (2020). The regulatory technology «RegTech» and money laundering prevention in Islamic and conventional banking industry. *Heliyon*, 6(10). e04949. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2020.e04949>.